

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Н. Рахымбердиева. Ақын – елдің ардағы	3
А. Тукбаева, Б. Ерубасева. Ұлттық құндылық – тәрбие өзегі	5
Г. Сергазина. Әдептен озбайық, ғұрыпты сақтайық....	9
А. Райымханова. Асыл жандар – Ұстаздар	11
А. Кенжебекова. Әрбір бала – жарқыраған шамшырақ.....	14
Р. Сералимова. Дауылпаз ақын	17
Д. Нұрмышева. Ұлы Жеңіс күні!.....	22
С. Қошқарова. Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы.....	24
Б. Сыдықанова. Табиғат – асыл қазынам.....	28
А. Құдабаева. «Болашақ» сайысы	30
М. Рысқұлова, Ж. Бакеева. Мақтанышым – мектебім	33
М. Дауылбаев. Біз мектепке барамыз.....	34
Ж. Нурымгереева. Қазақ – шебер халық	36
Г. Қуаныш. Қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі ұлықталды.....	38
А. Кеншінбаева. Кітап – сыр сандық	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
16.04. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Ақын – елдің ардағы

Жүргізуші: Қайырлы күн, қадірлі қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Халықтың рухани мұратына қызмет еткен ұлы тұлғалар аз емес. Данышпан қазақ халқы ақынға кенде болған жоқ. Поэзия әлеміне көз салсақ қазақ халқының арман-мұраты, шаттығы мен қайғысы ең алдымен ақын жүрегіне жиналған, ақын өлеңдеріне арқау болған.

Жүргізуші: Сыр өлкесі – жырға бай. Сыр елі қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы екенін жақсы білесіздер. Руханияттың келер болашаққа тұнығы бұзылмай жетуіне бірден бір бастау болатын жер де осы өңір. «Сыр елі – жыр елі» деп аталған топырақта талай ақын-жазушылар дүниеге келген. Осындай сыр өлкесінен шыққан ерен тұлғалардың бірі де бірегейі, біздің бүгінгі қонағымыз «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының директоры Есімсейітова Қаршыға апайымыз

Жүргізуші: енді Қаршыға апайымыздың жүріп өткен даңғыл жолына қысқаша шолу жасап өтсек

1959 жылы 17 желтоқсанда Қызылорда облысы, Сырдария ауданында «Қызылжарма» ауылдық округінің Коммунизм бөлімшесінде туған.

1976 жылы Қызылорда қаласындағы №43 мектепті бітіріп, сол

жылы Шиелі ауданындағы «Өскен өңір» газетінде еңбек жолын бастаған.

1982 жылы ҚазМУдің журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, «Қазақстан мектебі» журналында, Республикалық халық шығармашылығы орталығында, Қазақ радиосының балалар мен жастар редакциясында қызмет еткен.

«Таңбалы тас», «Қорқыт», «Мұстафа Шоқай», «Сыр өңірінің тұлғалары» атты көп сериялы деректі фильмдердің авторы. Республика баспасөзінде өлеңдері 1978 жылы тұңғыш жарияланды.

1986 жылы «Қарлығаш» ұжымдық жинағына өлеңдері енген.

1994 жылы «Аңсаған атамекенім» атты кітабы жарық көрді.

1997 жылы Журналистика саласындағы еңбегі үшін Журналистика академиясының «Алтын жұлдызын» иеленген. Облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған (2004).

Қазіргі таңда Қазақстан Жазушылар Одағының Қызылорда облысы бойынша директоры

Жүргізуші: бүгінгі кештің алғашқы сөз кезегін мектебіміздің директоры Қарлығаш Қуанқызына береміз.

«Қазақ елі осындай» әні орындалады.

Жүргізуші: Өлең – сөзбен айтып

жеткізе алмайтын сезімдердің, ойлардың өзін түбі жоқ тереңнен алып шығып, сөздің құдіреті арқылы бүкіл сана-сезімді баурап алып жеткізе алатын құдіретті қасиетке ие. Ақындарымыздың ғұмырлы поэзиясы бүгінде әнге айналып, көкке қалықтайды.

Енді Қаршыға апайымыздың өлеңдеріне кезек берейік.

Сіздің туындыларыңызды жаттап, үлгі алып жүрген оқушылардың өнерлерін тамашалайық.

(Сахнада баяу әуен ойнап тұрады, оқушылар кезекпен шығып Қ. Есім-сейітованың өлеңдерін оқиды)

Жүргізуші: Поэзия мәңгі өлмес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар алтын көпір, асыл қазына, інжу-маржаны, махаббат, сүйіспеншілік, адам жүрегінің мың сан дірілін шеберлікпен бейнелеген жұп-жұмыр жауһар дүние». Табиғат алақаны аялап өсірген ақындардың жүрегінде поэзия сазы ерте дүрсіл қаққаны сөзсіз. Туған жердің көркеюі мен келісті келбеті ақын аға -апаларымыздың көрікті жырларына арқау болды.

Кезекті мектебіміздің бүлдіршіндерінен құралған «Асылым» би тобының «Томирис» биіне берейік.

Жүргізуші: Иә, өлеңнің өнегесі сол ол сезімді ғана оятып қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді. Оның шыңы ұлттық сезім де өлең арқылы оянып рухани күш алады.

- Бір сағатқа ақындарымыздың шығармашылығын сыйғызу мүмкін

емес. Жақсыменен өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей демекші, сіз секілді алдыңғы буын ақылшы апайларымыздан біздің аларымыз көп. Сіздің жүріп өткен жолыңыз бізге үлгі. Келесі сөз кезегін оқушыларымызға берейік. Олардың сізге арналған көкейлерінде жүрген сұрақтары бар екен.

(Оқушылар сұрақ қояды)

Жүргізуші: . Келесі кезекті әсем әнге берейік.

«Егіз лебіз» әні орындалы.

Жүргізуші: Ақынын құрметтеген ел озады, ақынын сыйламаған ел тозады дейді қазақ даналығы, ақындарымызға қалай құрмет көрсетсек те артықшылық етпейді. Бізді суындатар сарқылмас мәңгі жырларыңыздың алдында басымызды иеміз. Жыр әлеміндегі туындыларыңыз ешқашан сарқылмасын. Сүйіп тыңдар оқырмандарыңыз көп болсын.

Енді өзіңіздің оқушыларымызға деген жылы лебізіңізді, ақ батаңызды алғымыз келеді.

Сөз қонаққа беріледі.

Жүргізуші: Сіздерге жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақыл тілей отырып, бүгінгі кешімізді аяқтаймыз. Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын!

**Нұрилла Сабырқызы
РАХЫМБЕРДИЕВА,
С. Лапин атындағы №261 орта
мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы**

Ұлттық құндылық – тәрбие өзегі

Құндылық — сондай биік, бағалы, Құндылықтың сәтті әрбір қадамы.

Ей, ағайын, құндылықты негіз қып,

Тәрбиелейік Алла берген баланы.

Ар мен намыс, қадір-қасиет, абырой және адамның беделі — адамзаттың өмірінде, қоғамында, салт-дәстүр мен әдет ғұрпында, ой санасында арнайы басты адами қасиетті құндылықтары болып табылатындығын білеміз. Көне заманнан адамның бойындағы адалдық, әділдік, азаматтық, ауызбіршілік, адамгершілік сияқты құнды қасиеттердің бағасы тым жоғары болған.

Алайда, әр заманда әр уақытта да ақ пен қараның, жақсы мен жаманның арасында теке тірестің болып отыратыны адамгершілік қасиеттердің құндылығын жойып, құнсыздыққа айналдырып жіберетін іс-әрекеттер, жағдаяттар қоғамда болып жататындығынан хабарымыз бар. Біздің қазақ халқы қанға сіңген табиғатында көпшілдік, дархандылық, кеңдік сияқты қасиеттермен ерекшеленеді. Балаға, жас буынға тал бесіктен бастап адамгершілік, адалдық, әділдік, намысты болу, беделділік, әдептілік ұят деген қасиеттерді үйретіп тәрбиелеген. Қазақ халқы құндылықты барлығынан жоғары қоятын, және ұрпақ тәрбие-

леуде құнды қасиеттерге ерекше көңіл бөлетін халық деп айта аламын.

Жалпы, құндылық дегеніміз — белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі, мәнділігі, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Біздің әлеміміз құндылыққа толы. Адам бар жерде құндылықтарда қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, қоршаған ортаға тікелей байланысты. Құндылықтар адамның әлеуметтік болмысына тартылған. Адам құндылықтарға мүдделі әрі мұқтаж болып табылады.

Ерекше құндылықтар деп, адамның бойындағы ең жақсы қасиеттерді айтар едім. Адамның бойындағы құндылықтар жоғалмай, арта түскенде қоғамда құндылыққа толы болатыны мәлім.

Құндылық — ұлттық құндылық, адами құндылық, дәстүрлі, жалпыадамзаттық, материалдық, этикалық, рухани, отбасылық, жүре пайда болатын құндылықтар сияқты бір-неше түрге бөлінеді.

Ұлттық құндылық дегеніміз — оқушы тәрбиесінің негізі деп атауға болады. Ол — ұлтты құрметтеуден басталады. Ұлттық құндылықтарымыз — ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, әдебиет және рухани мұрамыз. Ұлттық құндылыққа мемлекеттік рәміздер-

діде жатқызуға болады. Рәміздерді құрметтеу, оны биік бағалау кез келген адамның міндеті. Мысалы, мемлекеттік ту — ұлттың бірігуіне ықпал етеді. Ұлттық сананың биіктігін көрсетеді. Тіл мен әдебиет — ұлттың жаны, бет бейнесі. Тілді қорғау — ұлтты қорғау. Адамның бойындағы тіліне, өткен тарихына, еліне, жеріне жалпы Отанына деген махаббаты ұлттық құндылықтың тереңдігі деп білемін. Ұлттық құндылық — тәрбие өзегі, ұлттың баға жетпес қазынасы. Әр баланы ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуді мемлекеттік мекемелер басты мақсаты етіп сана, біздің еліміздің болашағы жарқын болатынына сенемін.

Адами құндылықтарға имандылық, ізгілік, салауаттық, өнерпаздық, сыйластық, сыпайылық, қайырымдылық, мәдениеттілік, адамгершілік, т.б. жатады. Адамның бойындағы құндылықты қалыптастырушы өзінің қоршаған ортасы. Мысалы, оқушыны айтатын болсам: оқушының құнды қасиеттерін ата-анасы және мектебі, ұстазы қалыптастырады. Ата-анасынан, ұстаздарынан жақсы тәрбие алған баланың бойында барлық құндылық табылады. Сол себепті, әр ата-ана мен білім беруші тұлға өздерінің болашаққа бағыт берер, тура жол сілтер жауапкершілігін сезіне алуы қажет. Ата-бабамыздан біздердің ұғымымызда «адал кәсіп», «адал мал», «адал ит», «адал жар» деген қастерлі сөздер қалғаны белгілі, бұл сөздердің түпкі мағынасы таза, жалғандықтан ада деген мағынасында білдіреді.

Ұрпақты үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, иманды болуға адамгершілікке баулу.

Адам бойындағы асыл қасиеттерді әр адам жоғары қойып үлкен жауапкершілікпен қорғауы керек.

Дәстүрлі құндылық — қоғамды ынтымаққа ұйытатын, бірлікке бастайтын, ауызбіршілікке бағыттайтын құндылық. Дәстүр-ұлтты рухани жандандырады. Салт-дәстүр мен әдет ғұрыпты баланың бойына сіңіру, бабалардың дара жолын құрметтеп, өткен тарихтың бағалы екенін ұқтырады. Дәстүрлі құндылықтың жолы ата мен әженің, әке мен ананың, ұлағатты ұстаздың балаға шежіреден сыр шерте отырып әңгімелесуі, азаматтық қоғам дамуының негізі. Дәстүрлі құндылықты айтқанда, діни құндылық қатар жүреді. Дін мен дәстүр — әрдайым бір-бірімен байланысты ұғым. Имандылық — жүректің тазалығы. Таза жүрекпен барлық құндылықтың бағалы екенін ұғуға болады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамыды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасды. Жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру — рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы. Оны адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарды. Негізі бес жалпыадамзаттық құндылықтарды атап айтар болсам; ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау.

Жалпыадамзаттық құндылықтар — бақытты өмірдің негізі.

Материалдық құндылықтар — адам үшін маңыздылығы өте үлкен заттар, ақша, мүліктің жиынтығы. Осындай құндылықтардың мысалдары — жылжымайтын мүлік, автомобильдер, алтын зергерлік бұйымдар, жиһаз, тұрмыстық техника және жабдықтар. Материалдық құндылықтар деп, мен ата-бабамыздан бізге мирас болған барлық заттарды атап айтар едім. Менің материалдық құндылықтарым — бабамнан қалған естеліктер.

Этикалық құндылықтар — бұл адамдар қандай әрекеттердің дұрыс, қайсысының бұрыс екенін шешуде қолданатын қағидалар. Адам құндылықтардың осы түрін қолдана отырып, этикалық түрде әрекет етеді. Мысалы — жауапкершілік, адалдық, әділдік, ынтымақ.

Рухани құндылықтарға сүйіспеншілік, достық, қайырымдылық, құрмет, өзін-өзі тану, шығармашылық, еркіндік, өзіне деген сенім және Жаратушыға деген сүйіспеншілік жатады. Мұның бәрі өзімізбен және қоршаған адамдармен үйлесімділікке қол жеткізуге көмектеседі. Бұл құндылықтар ерекше маңызға ие, өмірге мән беріп, бізді адамға айналдырады.

Отбасылық құндылық тақырыптың маңызы тым тереңде деп айтуға болады. Қазақта «Ұяда не көрсең ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет»,

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген мақалдар бар. Осы мақалдарға қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді. Әрбір құндылықтың маңызын ұқтыратын ол — отбасы. Сондықтан отбасы — құндылықтардың қалыптасатын негізгі мекені деп айтуға болады.

Жанұя — адамзаттың алтын дінгегі іспеттес, оның ұрпаққа деген ықпалын өмірдегі ешбір күшпен салыстыруға болмайды. Жастарды ұлттық нышандағы құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Жанұя — жеке құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тәрбиенің жоғарғы үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы негізде отбасынан жалғасын табатын құндылықтар негіздерін ұмыт қалдырмай, жаңғыра түсейік, рухани болмысымызды жоғалтпайық дегім келеді.

Жүре пайда болатын құндылықтар — адалдық, батырлық, тұрақтылық, мақсатқа талпынушылық, т.б. жүре пайда болатын құндылықтар баланың бойында қалыптасуы үшін, бала тұлға болып қалыптасатын шақта қоршаған ортасы дұрыс болуы қажет.

Сондай-ақ, адамның мақсаттары мен бағдарлары топтық және жеке топтарға бөлінеді. Топтық құндылықтар топтың, ұжымның, қоғамның көптеген мүшелерінің осы құндылық саясатымен бөлісетін қызметіне бағытталған.

Жеке құндылықтар адамның жеке дамуы үдерісінде қалыптасады. Жеке құндылықтар дегеніміз — бұл өмірде белгілі бір адамға қымбат нәрсе. Адалдық адамның бойындағы құны жоғары қасиет, азаматтық санасы, ой-түйсігі мен ар-намысына қарсы келмейтін іс-әрекеттердің моральдық-этикалық құрылымдық жүйе.

Адамгершілік, адал болу, алдамау, шыншыл болу сияқты қасиеттер ұжымдық ортада бойына сіңірген тәлім тәрбиесіне, ішкі жан дүниесіне, біліміне, таза жұмыс істеуіне, еңбек етуіне байланысты ұштаса отырып қалыптасып, адамның жеке басы мен тұлғалығының

деңгейін көрсетеді, сипаттайды.

Адам озып, ұятсыз қылыққа жол берген адамдарды қазақтың дала заң нормаларында қатаң жазалау тәсілдер қолданғанын да білеміз.

Жалпы құндылықтар — біздің болашаққа баратын жолымыз. Ертеңгі күннің бүгінгі бейнесі деуге болады.

«**Құндылық**» ұғымы ғылыми дереккөздерде философия, әлеуметтану, психология ғылымдарындағы негізгі құбылыстардың бірі болып табылады. Ол қашанда объективті болмысты және субъективті бағалауды білдіреді. Философияда атал-

ған ұғым қоршаған дүниедегі объектілердің әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың адам және қоғам үшін қоғамдық өмір мен табиғаттағы құбылыстардың дұрыс немесе бұрыс мәнін түсіндіру үшін қолданылады. «Құндылық» философиялық белгілі бір болмыс құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мағынасын көрсету үшін кеңінен қолданылатын термин.

Жоғарыда тоқталып өткендей, құндылықтардың көптеген жүйесі мен жіктеу түрлері бар. Әрбір тарихи нақты құрылым өзіне тән құндылықтар жиынтығымен ерекшеленеді. Осыған сәйкес олардың мән-мазмұны, ауқымы, өзгешелігі әрқилы болып келеді.

Қорыта айтқанда, құндылықтар тарихи дамып, заман талабына сай өзгеріп отырады. Құндылықтың басты белгісі оның бойында адамға игі ықпал ететін қасиеттердің болуымен сипатталады. Құндылықты тәрбиенің негізі еткен әр отбасымен әр мектептің келешегі жарқын болатыны хақ!

Лайля Исенгельдиевна
ТУКБАЕВА,

Бахытжан Сериковна
ЕРУБАЕВА,

«Әлімхан Ермеков атындағы
мектеп-лицейі»

КММ мұғалімдері.

Қарағанды облысы,
Қарағанды қаласы.

Әдептен озбайық, еурпықты сақтайық



Гулмира Амантаевна СЕРГАЗИНА,
Дарынды балаларға арналған
облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей-интернатының тәрбиешісі.
Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Мақсаты: отбасындағы қарияның ролін түсіндіру, қарттарды сыйлауға, ізет көрсетуге

баулу. Ата, әжеге ілтипат көрсету, әр баланың борышы екенін түсіндіру.

Мейірімділік пен адамгершілікке тәрбиелеу.

Ата, әжелермен кездесу арқылы кәсіптік бағдар беру (шешендік өнер, салт-дәстүр, этнография)

Шығармашылық жұмысқа, тез ойлауға мақал-мәтел, танымдық ойын арқылы баулу.

Әдісі: ауызша журнал.

Түрі: кездесу-сұхбат, театрландырылған сайыс.

Көрнекілігі: фотостенд «Қариялар қазынам», мақал-мәтел «Кім біздерге, балалар, ақыл берген», «Алтынды үйден ата-ананың жыртық лашығы артық», «Атаңа не қылсаң, алдына сол келер».

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, әдебиет, тарих, өзін-өзі тану.

Сабақтың барысы: Құрметті бүгінгі кешке шақырылған қонақтар, ұстаздар, оқушылар «Үлкеннен —

ұлағат, кішіден — ілтипат» атты өнеге сағатына қош келдіңіздер. Үлкендердің ақыл сөздерін, өткен шежіре әңгімелерін тыңдай отырып, үлгі, өнеге алу әр оқушының борышы екеніне көз жеткіземіз. Өнеге сабағымызға келген қонақтарымызбен таныстырып өтейін.

Өмірдің күзі — кәрілік әр адам баласының басына түсетін кезең.

Ауызша журналдың бірінші беті: «Өткен күн шежіресі қариялар».

1-оқушы:

Кендікті сыйғызыпты- ау кеудесіне,

Ақыл құяр ұрпақтың зердесіне.

Шежіре даналықтың қазынасы,
Әңгімесі қоймайды сенбесіне.

2-оқушы:

Кендігі қазақтың кең даласындай,

Ақылы, парасаты жарасымды-ай.

Қазақтың дана шалы, қариясы,
Біздермен ақылдасар баласындай.

3-оқушы:

Қартты сыйлау ісі ғой көргендінің,

Ата-ананың тәрбие бергендігін.
Дәлелдейсің ісіңмен, парасаттың,
Көрсетіп пасықтықты жеңгенді-
гін.

Журналдың екінші беті: *«Ақыл мен өнегеге дариялар»*.

4-оқушы:

Айткен аға, тілден балды тамыз-
дың,

Тыңдаушының көзінен жас ағыз-
дың.

Би, шешендер өмірлерін айтатын,
Жанды томы шежіре мен аңыз-
дың.

5-оқушы:

Өткен күннің аңыздары, жыр,
әні,

Әкеміздің тіл ұшында тұрады.

Біздер үшін ғұлама адам, шежіре,
Айткен аға шежіренің кітабы.

6-оқушы:

Айтекемнен аңыз тыңдап ұрпағы,
Сұрайды одан ертегі, аңыз, жыр
тағы.

Ақтайлақ би, Бөлтіріктей шешен-
ді,

Жатқа білген тарихтың ол кітабы.
(Айткен ағаның әңгімесі)

Журналдың үшінші беті: *«Салт-
дәстүрдің сақшысы, күзетшісі»*

7-оқушы:

Ата қыран балапанын өсірген,
Ақыл айтқан, қате болса кешір-
ген.

Жаманқұл ата майданда да бо-
лыпты,

Қарсы тұрып сұм фашиске есір-
ген.

8-оқушы:

Ата десіп құрметтейсіз ағайын,

Кешірді ол қиындықтың тала-
йын.

20 Жаста етігімен қан кешті,
20 Жаста қырау басты самайын.

9-оқушы:

Қыз ибалы, ұлын болса көргенді,
Жақсы мінез барлық кезде жол
берді.

Әке көрген оқ жонады деген бар
Ата бізге солай ақыл береді.

(Жаманқұл ата жайында қысқаша
айтылады)

Журналдың төртінші беті: *«Қарт-
тармен берекелі жанұялар»*

10-оқушы:

Жаппар әже, сәнді боп ақ жаулы-
ғыңыз,

Тілейсіз сіз ұрпақтың денсаулы-
ғын.

Келіндерді тәрбиелеп отырсыз

Өзгелерге үлгі өнеге-ау мұныңыз.

11-оқушы:

Ұл мен қызды татулыққа шақы-
рып,

Ұрпақ қамын ойлаумен таң аты-
рып.

Рымкеш апа бірлік пенен достық-
та

Табылмайтын ең негізгі тақырып.
*«Жанұя жарастығындағы қария-
ның орны»*.

*«Әулеттегі татулық ұйтқысы —
қария»* тақырыптарына ой-пікірле-
рін тыңдау.

Журналдың бесінші беті: *«Ей, ұр-
пақ, ізет көрсет кәрімізге»*.

12-оқушы:

Мен жолымды берейін, өт , қара-
ғым,

Несін күттің, несіне көп қарадың.

Бабасының бергенін саған берген
Әруағынан айналдым текті ана-
ның.

13-оқушы:

Шіркін-ай, жарасымды-ау ізет
деген,

Сызылған біз өтпенен сіз өтпе-
нен.

Келешекке бір қадам баса алмай-
ды,

Өз жұртының дәстүрін күзетпе-
ген.

Көрініс.

Журналдың алтыншы беті: «Ата-
әже арқау болсын әнімізге»

Арайлым: Арсыз күлкің тиылмас,
жылауың да,

Айтысың да басылмас, ылаңың
да.

Араздасып ағайын кетер еді,
Бір қария болмаса бір ауылда.

Мәдени: Ақиқатты айқындап жа-
риялар,

Бара жатыр азайып қариялар.
Дауыл тұрса бүлк етіп толқымай-
тын

Бара жатыр сарқылып дариялар.

«Асыл әже» әні орындалады.

Үлкенді қадір тұтып сыйлап өт-
кен қазақ халқының қарттарға де-
ген сый-құрметі ерекше болған.
«Қазақ білмегенін қартынан сұрай-
ды», «Аулында қартың болса, Жа-
зып қойған хатпен тең», деп халқы-
мыз зерделі қарияны бүкіл елдің,
ауылдың қамқоршысы, ақылшысы
тұтқан. (Мақалдардың мағынасын
ашып түсіндіру)

Асыл жандар - Ұстаздар



Айтолқын Маратбекқызы РАЙЫМХАНОВА,

Дарынды балаларға арналған

облыстық мамандандырылған

мектеп-лицей-интернатының тәрбиешісі.

Өскемен қаласы,

Шығыс Қазақстан облысы.

Мақсаты: оқушыларға ұстаздары-
ның тәрбиесі мен еңбегін дәріптеу,
білім мен біліктіліктің ұстаз еңбе-
гінен бастау алатынын саналарына
жеткізу.

Барысы:

Данышпан да, дана да оқып сенен,

Атақ-даңқын асырды бар әлем-
нен.

«Ұстаз» деген аяулы, асыл жанды,
Жақсы көрем, арнаймын жақсы
өлең!

1-жүргізуші: Армысыздар, құр-
метті де аяулы ұстаздар!

Бүгінгі «Ұстаздар — асыл жандар» атты мерекелік сыныптан тыс шарамызға қош келдіңіздер!

«Байтақ елім — Қазақ елі» әні орындалады.

1-жүргізуші: Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса, бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын қалаған ұстаздар қауымы, төл мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші:

Денсаулықтарыңыз мықты болсын! Шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, біздей шәкірттеріңіз көп болсын!

Бірге: Мерекелеріңіз құтты болсын!

«Қазақ биі» орындалады.

1-жүргізуші: Менің ойымша, кез келген адам ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер — тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз — ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек.

2-жүргізуші:

Ұстаз болу — жүректің батырлығы,

Ұстаз болу — сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу — мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы, - деп, ақын Ғафу Қайырбеков атамыз жырлағандай, біздің мектебімізде сөзі маржан, үні ән ұстаздарымыздың бар болғанын мақтаныш етеміз. Әрине, ұстаз жүгі ауыр. Адамның жан-дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу — бұл нағыз шеберлік емес пе?

1-жүргізуші:

Ендеше, ұрпақпен өмір жолы жалғасады,

Көңілді күндер тусын алдан әлі.

Ән-шашу, әсем әуен, түрлі өнер,

Бүгінгі күн сіздерге арналады!

Аяулы ұстаздар, оқушылардың жүрегінен шыққан ән-жырларын қабыл алыңыздар!

(Ақын оқушылар өз өлеңдерін оқиды)

Біржан салдың «Ләйлім шырақ» әні орындалады.

2-жүргізуші:

Күллі өнерін жеткіншекке арнаған,

Мұғалімді ардақтайды барша жан.

Ол мектептен шықпаса да қыс жазы,

Жемісі оның жердің жүзін шарлаған.

1-жүргізуші:

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!

Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар!

2-жүргізуші: Екеуіміз ұстаздар туралы нақыл сөздер айтып жарысып көрсек қайтеді?

1-жүргізуші: Ендеше, бастайық!

1. «Ұстаз болу — өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау»;

2. «Ұстазға қарап шәкірт өседі»;

1. «Аспаз көрген ас таныр,
Ұстаз көрген хат таныр»;

2. «Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла»;

1. «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы».

2. «Ұстаздың орны — төр».

1-жүргізуші: Бәрекелді, ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі бар аға ұрпақ өкілдері, мектептің жүрегі ардагер ұстаздарымыз ортамызда отыр.

1-жүргізуші: Құрметті қонақтар, сіздер салып кеткен сара жол, ұстаз жолы — ауыр жол. Өткен жолдарыңызға көз жіберіп, еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші:

Сұрақ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауыңызбен бе, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немесе бір жағдай болды ма?

1-жүргізуші:

Сұрақ: «Ұстаз болу — жүректің батырлығы» дейді, осы ұстаздық қызметті таңдауда батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылуы керек деп ойлайсыз?

2-жүргізуші: Кешегі өзіңіз еңбек еткен мектебіңізден қандай өзгерістерді байқадыңыз? Мектеп ұжымына айтар тілегіңіз?

1-жүргізуші: Сіздерге көп рахмет, аяулы да мейірбан ұстаздар. Денсаулықтарыңыз мықты болсын!

2-жүргізуші: Жүздеріңіз нұрланып, әрқашан төрімізден орын ала беріңіздер!

1-жүргізуші: Ұстаз — шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп.

2-жүргізуші: Қазақта жақсы сөз бар, «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деген, ендеше ұстаздар өмірінен аздап әзілге орын берсек...

Әзіл қойылымдарын (пародия) көрсету.

1-жүргізуші:

Ұлылықтың ұйытқысынан жаралған,

Өнегеннен барлық шәкірт нәр алған.

Шапағатты шуақ сепкен ұстаздар,
Өнеріңнен бастау алар әр арман.

2-жүргізуші:

Ұстаз мейірімі — ана мейірімімен пара-пар,

Тұла бойға қуат болып таралар.

Көп жасандар, өмірге шуақ болып,

Бас иеміз, ұлағатты ұстаздар!

1-жүргізуші: Қадірлі көрермен қауым! Осымен «Ұстаздар — асыл жандар» атты мерекелік шарамызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Қош, сау болыңыздар!

«Ұстазым» әні орындадады.

Әрбір бала – жарқыраған шамшырақ

Мақсаты: бағдаралды дайындық арқылы оқушылардың кәсіби таңдау жауабына ықпал ету, топтасып жұмыс істеу дағдыларын арттыру, ұйымшылдыққа, өнерге баулу.

1-жүргізуші:

Осы жерде бастау үшін жарысты,
Талай талант танысты да, табысты.
Аламанда айбыны үшін еліңнің
Жібермендер, қолда ұстап намысты!
- Армысыздар, ұлағатты ұстаздар,
құрметті ата-аналар мен қонақтар!

Бүгінгі 4 «Ж» сыныбында өткізіліп жатқан «Әрбір бала – жарқыраған шамшырақ» атты дүбірлі кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Алдарыңызда ашық

тәрбие сағатын көрсеткелі тұрған 4 «Ж» сынып оқушылары және біздің сүйікті жетекшіміз Кенжебекова Ляйля Кенжебекқызы.

Бүгінгі тәрбие сағатымызды бастамас бұрын, қысқаша мәліметтерге тоқтала кетсек дейміз.

Біздің сыныбымыздың жетекшісі Кенжебекова Ляйля апай әрдайым оқу-тәрбие ісімен қатар, оқушыларға бағдаралды дайындық жұмыстарын ұйымдастырып отырады. Сынып оқушыларына да мұндай қызықты және шығармашылық жұмыстар өте ұнайды және келешекке деген арман-қиялдарын шындап, болашаққа батыл қадам жасауға ынталандырады.



Бүгінгі тәрбие сағатында әр баланың бойындағы іскерлік қабілеттерін арттыра отырып, келешек мамандық, яғни кәсіп түрін таңдауға баулу жұмысы көрсетіледі.

Сыныбымыздың қыздары арасында өтілген «Мен – анамның гүлімін» атты тәрбие сағатында қыз балалар өздерінің іскерлік шеберліктерін көрсеткен болатын.

Ал бүгін сыныбымыздың ұлдары өз қабілеттерін ортаға салады.

1-жүргізуші: Бүгінгі байқаудың мақсаты: Оқушыларға бағдаралды тәрбие беру, топтық жұмыс істеу дағдыларын арттыру, ұйымшылдыққа, өнерге баулу.

2-жүргізуші: Бүгінгі байқауымызға қош келдіңіздер, - дей отырып, кешіміздің шымылдығын 4 «Ж сынып оқушыларының орындауындағы хормен бастауға рұқсат етіңіздер!

- Олай болса, хор «Отаным».

«Желкілдек» әні орындалады.

1-жүргізуші: Бүгінгі байқау — нағыз қайнаған қуаттың көзі, бойға күш берген шуақтың өзі! Бүгінгі байқау — келешекке керілген шығармашылықтың желкені, жалынды жастардың мекені! Жас таланттардың басын қосқан өнер алаңы! Оларды алда байрақты бәсеке күтіп тұр. Әр өнерпаздың кеудесінде намыс туы желбірей берсін!

- Олай болса, сіздердің құрмет қошеметтеріңізбен қатысушыларды сахна төріне шақырамыз!

2-жүргізуші: Қатысушылармен таныстыру: «Тұлпар» тобы»; «Қыран тобы»; «Арыстан» тобы.

1-жүргізуші: Байқау үміткерлерімен

таныс болдыңыздар, енді бүгінгі байқаудың әділ бағасын берер аса қадірменді қазылар алқасын таныстырып өтейік:

2-жүргізуші: Бүгінгі сайыс 4 бөлімнен тұрады. Қатысушылар осы аталған бөлімдер бойынша сынға түседі.

1-жүргізуші: 1-бөлім: «Сәлем — сөздің анасы», таныстыру бөлімі;

2-жүргізуші: 2-бөлім: «Кәсіп болмай, нәсіп болмас» (әр топ бір кәсіп түрін таныстырады);

1-жүргізуші: 3-бөлім: «Ақылды сұрақ — білімнің жартысы» (сұрақ-жауап сайысы).

2-жүргізуші: 4-бөлім: «Жігітке жеті өнер де аз» (әр топ өз өнерлерін көрсетеді).

1-жүргізуші: Ал қазылар алқасы үміткерлерді төмендегі критерийлер бойынша бағалайды:

- сөйлеу шеберлігі;
- киім үлгісі;
- ұтымды жауап;
- топтық жұмыс шеберлігі;
- сахна мәдениеті;

2-жүргізуші: Олай болса, 1-бөлімді бастаймыз.

«Тұлпар» тобын» шақырамыз. (*Қатысушылар рет — ретімен өздерін таныстырады*); «Қыран тобы», «Арыстан» тобы

Әділ қазы алқасынан 1-бөлімнің бағасын сұраймыз.

1-жүргізуші:

Мұра болып келе жатқан ата кәсіп, Сақтаған талапты ерге болар нәсіп. Әр бала жарқыраған шамшырақтай, Ізімен бабалардың барады өсіп, - дегендей, ендігі кезекте назарларыңызға

келесі сайысымызды ұсынамыз.

2-жүргізуші: «Кәсіп болмай, нәсіп болмас» деп аталатын бұл бөлімде әр топ бір кәсіп түрін таныстырады.

1-жүргізуші: «Тұлпар» тобы. Қыштан бұйым жасау шеберлігі туралы қорғайды.

2-жүргізуші: «Қыран тобы». Атбегілік өнері туралы қорғайды.

1-жүргізуші: «Арыстан» тобы. Ағаштан түйін түйген шеберлер, соның ішінде домбыра жасау өнері жайлы қорғайды.

2-жүргізуші: Әділ қазы алқасынан 2 бөлімнің бағасын сұраймыз.

1-жүргізуші: «Білгеннің жақсысын қыл, білмегенін біле бер», - деп Шәкәрім атамыз айтқандай, білім — әр адамның жолын жарық етер шырағы екендігін жақсы білеміз.

Олай болса, «Ақылды сұрақ — білімнің жартысы» атты сайысымызды бастаймыз.

2-жүргізуші: Бұл сайыста қатысушы топтардың басшылары (капитандары) экрандағы ұяшықтардан сұрақтар тандап алып, жауап беруі керек.

1-жүргізуші: Ендеше ортаға сайыскерлердің топ басшыларын шақырамыз.

2-жүргізуші: Әділ қазы алқасынан 3-бөлімнің бағасын сұраймыз.

1-жүргізуші: Халқымызда «Өнерлі өрге жүзер» деп, әрқашанда өнерді дәріптеп отырған. Олай болса, кезек үй тапсырмасы ретінде берілген «**Жігітке жеті өнер де аз**» атты соңғы сайысымызға да келіп жетті.

2-жүргізуші: Бұл сайыста әр топ же-ребе арқылы тандап алған үй тапсыр-

масын, яғни топтық өнерлерін ортаға салады. Олай болса, сәттілік тілей отырып, тамашалайық!

1-жүргізуші:

1. «Тұлпар» тобы. **Би: «Батырлар биі»;**

2. «Қыран» тобы. **Спорттық өнер көрсетеді;**

3. «Арыстан» тобының орындауында **«Алға, қазақ жігіттері!» әні.**

2-жүргізуші: Осымен, байқау өз мәресіне жетті. Әділ қазылар алқасы өз шешімдерін шығарғанша, Қалықбай Аяулымның орындауында **«Тек алға» әнін тыңдайық.**

1-жүргізуші: Сөз қазылар алқасына беріледі.

(Музыкалық номер)

Қазылар алқасы өз шешімдерін шығарғанша, Жасаралқызы Жасияның орындауында үнді биі. Қарсы алыңыздар!

2-жүргізуші: Сайыскерлерді сахна төріне қошеметтеп шақырайық!

Құттықтау, марапаттау.

1-жүргізуші: Ел болашағын дамытар, халқының камын жейтін еңбек-қор, білімді, өресі биік өрендеріміз көп болсын! Келесі кездескенше, күн жақсы болсын!

**Ляйля Кенжебековна
КЕНЖЕБЕКОВА,**

**Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп-
гимназиясының бастауыш сынып
мұғалімі.**

**Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.**

Дауылпаз ақын

Мақсаты: қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кең жайылған ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы мәңгі сөнбес шамшырағымыз — Қасым Рақымжанұлы Аманжоловтың бейбіт, қан майданды, туған жер мен табиғат, достық пен махаббатты шынайы сезіммен зор тебіреніспен жырлаған асыл жырларын келешек ұрпаққа насихаттай отыра ақынды еске алу.

Міндеті: ақын, жазушы, драматург Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығын қала деңгейінде өткізу.

Көрнекілігі: ақын өмірбаяны мен шығармашылығына арналған мектеп дәлізінде көрме ұйымдастырылады. Ақын шығармаларына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылады. Интерактивті тақтада ақын өмірін бейнелейтін слайдтар жүріп тұрады (туған жері, оқыған оқу орындары, соғыс кезеңі, ақынның жұмыс істеген жерлері, орындары, шығармаларынан үзінді, белгілі адамдардың Қасым жайлы пікірлері).

Сөз басы: Сахнаға мектеп директоры және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары шығып, көрермендермен сәлемдесіп, Қ. Аманжоловтың шығармашылығына арналған әдеби-музыкалық кешке келген қонақтардың таныстырады.

Кештің барысы: Кеш ақынның «Өзім туралы» әнімен басталады.

1-жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті бүгінгі кешке жиналған қауым, қонақтар!

Қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны, ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағымыз — Қасым Рақымжанұлы Аманжоловқа арналған әдеби-музыкалық кешке қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Ұлтымыздың ұлы перзенті, Алаштың ақиық, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов — дара дарыны мен қалам қуатын халқына қалтқысыз қызмет етуге арнаған талантты, тұғырлы тұлға. Барша жыр сүйер қауым оның шығармаларынан тәуелсіздікті аңсаған, өз заманынан оза шапқан қиялының биіктігін, көрегендігін, оның әр сөзі тәуелсіздіктің жыры болғанын байқайды.

1-жүргізуші:

«Елу жаста елім бар» деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің мұңды Абай
«Елім бар» деп айтатұғын туды күн,
«Елім бар деп» шырқатайын мен бүгін

2-жүргізуші:

Кең далалы, кең пейілді қазақпыз,
Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз.
Қас дұшпанның қикаңына көнбейміз,
Ел намысын кескілеспей бермейміз
Неткен шеберлік десеңізші! Қылы-

шынан қан тамған, қызыл империя-ның тұсында «Қазақ», «Қазақстан» деген сөздерді айтудың өзі ерлікпен парпар екенін біз жақсы білеміз. Ешкімге бас имей өткен қайран ақын ағамыз ол заманның қыспағын көре, біле, байқай тұра «елім», «жерім», «Отаным», «қаза-ғым» деп жырлап өткен.

Қазақстан

«Қазақстан» дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін.

Бұл далада атам қолға ту алған
Бұл даланы анам жаспен суарған,
бұл далаға жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

1-жүргізуші:

Дауылпаз аты өшпейтін ақын Қа-
сым,

Оқысаң басқа ақыннан сөзі басым.
Әр сөзі алмас қылыш тіліп түсер,
Жалын бар жарқ еткендей ол бір жа-
сын.

2-жүргізуші:

Отына өлеңінің жанғандайсың,
Шөліркесең сусының қанғандай-
сың.

Өлеңін осы ақынның оқығанда,
Елендеп, масайрап бір қалғандай-
сың.

(Ақынның туған жері — Қарқаралы өлкесі туралы бейнефильм көрсетіліп тұрады)

1-жүргізуші: Қасым Рахымжанұлы Аманжолов 1911 жылы күз айында Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ақтайлақ өзенінің бойында дүниеге келген. Ақиық ақынның туған жері Мәди жырында шырқалатын Талды, Сарыарқаның сауыры. Жазық дала-

ның үстіне шөгіп қалған нардай жал-жал таулар, соның бір сілемі Қызыл деп аталады. Аманжол — Рахымжан-ның қыстауы соның бетінде. Бұл өңір Қарқаралы уезіне қарасты Темірші бо-лысының он алтыншы ауылы құрамы-на кіреді. Ендеше өте әсем, сұлу тау-лы, өзен-суы мол тамаша жер сезімтал бала Қасымның ақындық талантын ерте оятып, оған күш-қуат берсе ке-рек.

2-оқушы: «Атамекен»

Сүйем сені туған ел-атамекен.

Абзал анам, сенсің ғой құшағың кең.

Сенен артық не табам, қайда кетем.

Асан қайғы емеспін, Қасыммын мен,

Қобызымен сырласып күңіренген.

Іздеймін деп «Жерұйық» көр басын-
да,

Ерке жанмын, өмірде өстім еркін.

«Еркелеме, ей жігіт, еспе» дер кім?!

Өз елімде өзендей гүрілдеймін,

Тасып, шалқып өтемін, осы сертім.

Сахналық көрініс: асық ойнаған ауыл балалары, ойын ойнап үйіне кел-ген Қасымды ауыл адамдары қарсы алады. Әкесінің өлімін жеткізеді.

1-жүргізуші: Қаралы хабар — асқар таудай қорған, бәйтеректей қамал бол-ған әкесінің дүниеден озғанын естіген бала Қасым:

Бала Қасым:

Өмірге келдім еңбектеп,

Шалқалап әкем шықты үйден

Жетімдік тағдыр жетті ептеп,

Қабағын жаба түксиіп, - деп кете ба-
рады.

(Оқыған оқу орындары жайлы слайд жүріп тұрады)

1-жүргізуші: Әкесінен ерте жетім қалған Қасым Аманжолов 1923 жылы Семейдегі бастауыш мектеп-интернатына қабылданады. Мектептен кейін ол Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Осы кездің өзінде-ақ ақын ағамыз айдай әлемге қазақтың рухы үшін арпалысуға келгенін паш ететін жүрекжарды жырларын жаза бастады.

«Мен – табиғат бөбегі» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші:

Шарлаған жерім жатыр жер бетінде

Көрінер көлеңкесі келбетімде, - деп жырлаған қазақ әдебиетінің аспанындағы шоқтығы биік ақын ағамыз Қасым Рахымжанұлы 1930 жылы Алматыға барып «Лениншіл жас» газетінің редакциясына қызметке орналасады. 1931 жылы Қасым Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түседі, бірақ аяқтай алмай, Орал қаласына келіп «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке тұрады. Қасым Аманжоловтың ақын, азамат болып қалыптасуына Орал қаласы үлкен әсер етті. Осы қалада ол ең алғашқы махаббат, жастық жырларын жазды. 1935 жылы әскер қызметінен босасымен Қасым Оралда қазақ театрын ұйымдастырып, өзі көркемдік басқарушысы болады. Ұлы тұлғамыздың Ақжайықта да ізі қалған еді.

Музыка: (соғыстың басталуы)

Интерактивтік тақтадан бейнематериал: Майдан шебі көрсетіледі.

Сахналық көрініс: оқушылар қойылым қояды. Музыка ойнап, би биленіп жатады. Радиодан соғыстың басталғанын хабарлайды. Ақынды соғысқа шығарып салады.

1-жүргізуші: Ел басына қара бұлт торлап неміс басқыншылары тұтқиылдан соғыс ашқанда ақын ағамыз қалам мен қаруды қатар ұстап соғысқа аттанды. 1941-1945 жылдар аралығында батыс майданында болып майдан көріністері, өлім мен өмір арпалысы, соғыс және адам тағдыры туралы шығармалары дүниеге келді.

«Қоштасу» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: 1944 жылы ақынның атақты «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы жарық көреді. Бұл шығарма кейіпкері неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыста ерлікпен қаза тапқан қазақ ақыны Абдолла Жұмағалиев. Бұл – ер туралы дастан. Ерлік туралы жыр. Ақын туған елінің дәстүрін өнеге тұтқан ержүрек азаматтың қаһармандық бейнесін сомдайды. Қасым соғыстың сыртқы көрінісін суреттеуге емес, ақын-жауынгердің жан дүниесін ашуға, ол жасаған ерліктің құпиясын тануға ұмтылады.

Оқушылар «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэманы жатқа оқиды.

«Жас қазақ» әні орындалады.

Слайд: нәзіктікті көрсететін қыздардың суреттері жүріп тұрады.

Жас ару шолпысын сылдырлатып сахнадан көрінеді.

2-жүргізуші: Қып-қызыл өрттің ішінде жаумен жағаласқан жауынгердің жадынан бір нәзік сәуледей күлімдеген сүйікті қызының бейнесі кетпейді. Өйткені онда ақынның орындалмай кеткен арманы, көңіл көкжиегін керемет сиқырымен баурайтын әдемі сағыныш жатыр.

«Дариға сол қыз» әні орындалады.

2-жүргізуші: Ұлы Отан соғысы аяқталған соң Қасым майдан өлеңдерін газет-журналдарға көптеп бастырумен қатар жаңа өлеңдер жазды. Осы кездері оның «Біздің дастан» поэмасы жазылып, таңдамалы өлеңдер жинағы «Дауыл» деген атпен жарық көрді. 1949-1952 жылдары Қасым Аманжоловтың «Балбөбек», «Нұрлы дүние» жинақтары «Таңдамалы шығармалар» жинағы болып басылып шықты.

«Ана туралы жыр» әні орындалады.

1-жүргізуші: Қасым Аманжолов шынайы лирик ақын. Ақын өлеңдері сезім мен толғанысқа, көркем суретпен образға өте бай. Қасым ағаның лирикасындағы үлкен орын алатын тақырыптың бірі — махаббат тақырыбы. Ақын адам баласы қолына ұстайтын аспаптардың бәрінде ойнай білген. Домбыра, мандалин, сырнай, гармон. Ендеше сегіз қырлы бір сырлы ағамыз өз өлеңдеріне әнді өзі жазған. Оның өлеңдерінде кіршіксіз мөлдір сезім көрініс табады.

«Ақ сәуле» әні орындалады.

2-жүргізуші: Ақынның аудармалары өз алдына бір төбе. Оның ақындық жолында көп тер төккеніне, көп ізденгеніне — оның аудармалары куә. Ақынның поэзия айдынында балықтай жүзіп, өлеңде өзін еркін сезінуі әлемдік әдебиетті керемет білгендігінің арқасы. Оның жырларынан шығыстың өлең үлгілерін де, Батыс мәдениетінің ою-өрнектерін де байқай алады. Қасым Аманжоловтың Еуропа ақындарын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының басты

сыры да оның ақындық талантында жатыр. Қасымның аудармасында А. Пушкиннің лирикалық жырлары, М. Лермонтовтың «Маскарад» атты драмалық шығармасы, Т. Шевченконың өлеңдері. Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмасы ақынның төл туындысындай болып кеткен.

1-жүргізуші: Ақын ағамыз бірнеше әндерге де аударма жасаған. Сол әндердің бірі — «Ах, Самара городок».

1-жүргізуші: Қайран Қасым аға 1947 жылдан бастап сырқаттанып, ара-тұра жатып қалып жүрді. Бірақ қандай ауыр қалде жатса да, өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Сырқаты дендеген кездерде өлеңдерін өзінің ақындық өміріне, аяулы жарына, қызы Дариғаға арнап жазатын. Ақын күнделігі сыр шертеді.

Сол күні кешкісін Сәпеннің іші ауырып, балалар туатын үйге алып жүрдік. Бара сала бала дүниеге келді. «Қыз бала туды», - деп бір қазақ қызы хабар берді. Қуанып үйге қайттым. «Қызымның атын — Дариға қоямын!», - деп Сәпенге хат жазып жібердім.

Бала деген қалай өседі екен? Адамның ержету жолдары қандай болады екен? Дариғам қалай өсер екен? Осы сұрақтар мені күнделік дәптерге үңілуге мәжбүр етті.

Дариға туғанына он күн толғанда мен оның көз алдында тұрып, домбыра ойнадым. Ол кәдімгідей қарады. Бірдеме түсініп қарады ма, әлде тек әйтеуір көз тоқтата салды ма, білмеймін. Жылап жатқан бала домбыраның үнін естігенде жұбана қалды. Мен бұған өзімше мән бердім. Тегі домбыраның әдемі

дыбысы сәбидің де сезіміне тие ме деп ойлап қалдым. Барлық бала осылай жұбана ала ма, - онысын байған емесін.

«Кімге тартқан?», - деген сұраққа әлі толық жауап берілген жоқ. Көзі, маңдайы, бет-бейнесі әкесіне, қасы, мұрны – шешесіне тартқан сияқты. Өзіндік дара бітімі де бар сияқты. Кенет шар етіп жылап оянатын әдеті бар. Кенет жұбана да қояды. Жылауын бірте-бірте азайтып келеді. Ұзақ уақыт жыламай ойнап, мәз болып отыра да біледі. Ой ойлаған адамша томсырайып та отыратыны бар...

Тегі жаман адам болмас деймін...

Қасым күнделік жазу үстінде, үзінді оқиды.

Өмір жоқ түскен жерден бір арнаға,
Көп күттім, қарайладым, құмарлана.

Қайтейін жетер емес, қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.

Сен неткен бақыт едің келер ұрпақ
Қараймын елесіңе мен таңырқап.

Жаңғыртып, жер сарайын сен келгенде,

Көрпемді мен жатармын қырда
қымтап.

Дүниеге келер әлі талай Қасым!

Олар да бұл Қасымды бір байқасын.

Өртке тиген дауылдай өлеңімді,

Қасымның өзі емес деп кім айтар-
сың?!

2-жүргізуші: Қайран аяулы ақын аға! Осы өлең жолдарын жазған кезде өзінің дүниеден құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өте шығарын білді ме екен?

Әйтсе де ақын да ұлы құдірет иесі болғандықтан, оның сезімтал жүрегі ғұмырының қай күні таусыларын сезген сияқты. 1954 жылы қыркүйек-қазан айларында Қасым Аманжолов Қазақстан Жазушыларының III съезінің ашылуына қатынасты. Осы жылдың желтоқсан айынан бастап сырқаты мендей түсті. 1955 жылы 18 қаңтарда Қасым Аманжолов мәңгілікке көз жұмды.

1-жүргізуші: Өмірден ерте кеткенімен, Қасымның мәңгі жасайтын асыл жырлары қалды. Сол жырлары ақын атын өлтірмейді. Бұл күнде халықтың сүйікті ақыны Қ. Аманжоловтың жарқын бейнесі ел жүрегінде.

2-жүргізуші: Құрметті қауым! Дауылпаз ақын Қасым Аманжолов – қазақтың ұлттық ақыны. Ол бүкіл жан-тәнімен, рухымен, ішкі сезім-күйімен, ақындық ойлау, жазу өнерімен қазақтың ұлттық болмысын толықтырады, жетілдіреді. Сондықтан Қасым – поэзия сүйгіш қазақтың досы, рухани демеушісі болып қала береді. Оны халқы ұмытпақ емес. Осы дүркіреген ұлан-асыр той, ұлы тұлғамызды ұлықтауымыз – тәуелсіздіктің арқасында! Ендеше, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, берік болсын дей келе кеш соңын «Қазақстан» әнімен қорытындыламақпыз.

**Роза Сейілбекқызы
СЕРАЛИМОВА,**

**№32 мектеп-гимназияның қазақ
тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.**

Астана қаласы

Ұлы Жеңіс күні!



**Дана Арзықұлқызы
НҰРМЫШЕВА,**
Балалар әуез
мектебінің
фортепиано пәні
мұғалімі.
Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы.

Мақсаты: Жеңіс күні туралы оқушыларға жеткілікті ақпарат беріп, олардың елжандылық қасиеттерін ояту. Оқушылардың актерлық әрі әртістік тәрбиесін, сахнада өзін-өзі ұстау мәдениетін дамыту. Таңдаған арнайы аспаптарына қызығушылығын арттыру.

Міндеті: ауданаралық оқушылар арасындағы тәжірибе алмастырып, оқушылардың тарихты ұмытпай, туған еліне, жеріне сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілік: Театрланған көрініс. Плакаттар, буклет.

Соғыс жайлы деректі фильм. Нақыл сөздер:

1. «Ерлік — жан дүниенің ұлы қасиеті». (Н.М. Карамзин)

2. «Қолын кессең бір сөз айтпас, шын қаһарман жігіттер». (Мақтымқұлы)

3. «Ерлік — елге мұра, ұрпаққа ұран» (мақал).

Барысы: Соғыс жайлы деректі фильм фонында сахнада оқушылар.

1945 жылдан көрініс. Ел радиодан хабар күтуде.

1-оқушы: Соғыстан хабар келді ме?

2-оқушы: Тым болмаса хат алғандарың бар ма?

3-оқушы: Пошташы хаттарды тарқатуда.

Келген хаттарды ашып оқи берген сәтте

1-оқушы: Халайық, радиодан хабар айтқалы жатыр, тыңдандар!

Радиодан: 1945 жылдың 8 мамыр күнгі Левитанның Ұлы Жеңіс туралы дауыстаған хабарламасы.

Оқушылар: Ура, ура, соғыс бітті, соғыс бітті!

4-оқушы: Балалар, ендеше келген жеңісімізді, қуанышымызды тойлап, соғыстың жеңіспен бітуіне арнайы концерт ұйымдастырайық!

Жүргізуші:

Сүйінші, халқым, сүйінші!

Шаттан, ата-анамыз,

Шаттан, аға-бабамыз,

Мерексін атаңыз.

«Сүйінші» әні орындалады.

Жүргізуші:

Арылтып жаудан жерімді,

Табанға жаншып өлімді.

Жеңіспен желпіп өмірді,

Оралды ерлер көңілді.

5-оқушы:

Бейбіт көктем таң атқалы,

Шуақты күн таратты әнін.

Білемін тарихтан мен 45-тен бері,

Ашылды жеңіс күннің парақтары.

Жүргізуші:

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.
Қуанайық бәріміз,
Арайлап атқан әр күнге.

А.Қ. Жұбановтың «Қарлығаш» әні орындалады.

Жүргізуші:

Ойлап, ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білгім кеп.

Қуанышты мереке,
Жеңіс күні қай күн? — деп.

Атамнан да сұрадым,
Әкемнен де сұрадым.

Ағамнан да сұрадым,
Апамнан да сұрадым,

Тосты бәрі құлағын.

6-оқушы:

Дұрыс сенің сұрағың,
Бейбіт күннің бәрі де.

Жеңіс күні, шырағым!

Жүргізуші: Кезекті биші бүлдір-
шіндер тобына берейік.

«Шаттық бий» орындалады.

7-оқушы:

Мейрам күні бүгінгі құтты болсын,
Өміріміз қуаныш пен шаттыққа
толсын.

Бейбітшілік — татулыққа қол жет-
кізген,

Тірі тарих — қарттарымыз аман
болсын.

Жүргізуші: Ұлы Отан соғысының
біткеніне, Советтердің жеңіске жет-
кеніне бүкіл әлем қуанған болар,
оның ішінде Қазақстан да бар. Ен-
деше кезекті өзіміздің күмбірлеген
домбырамызға берейік.

8-оқушы:

Шынында да бұл оралған мыңнан
бірің,

Бақ нұрына жүзінді жуған күнің.

Жеңіс күні — өзіндей көзі тірі,
Майдангерлер бәріңнің туған кү-
нің!

9-оқушы:

Барша халық жеңіс күнін тойлай-
ды,

Жас сәбилер думандатып ойнай-
ды.

Ардагерлер көздеріне жас алып,
Ұрпақтардың амандығын ойлай-
ды.

Жүргізуші: Кезекті тағы домбыра
аспабына берелік. Фортепианоның
сүйемелдеуімен Халықаралық «Боз-
торғай» ән-би байқауының, Респуб-
ликалық Абай оқуының жеңімпазы,
Республикалық «Жас дарын», «Ба-
лауса» байқауларының лауреаты,
VI, VII облыстық Дельфийлік ойын-
дар жүлдегері Абдувахаб Қымбаттың
орындауында: Калинкин «Фанта-
зия».

10-оқушы:

Өрт лаулап, бұрқырап қорғасын,
Шеңгелін қанды ажал жайғанда.

Ойрандап жауыздың ордасын,
Болдық біз найзағай майданда.

11-оқушы:

Бел шешіп, қабағын ашпаған,
Бой жазды күлімдеп қалың ел.

Әлемді апаттан сақтаған,

Жеңіспен оралды жауынгер.

Хормен:

Жеңіс туы, жеңіс туы,

Желбіресін мәңгілік!

Жеңіс жыры, жеңіс жыры,

Асқақтасын жаңғырып!

«День победы» әні хормен орындала-

ды.

Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы



Салтанат
Әбішқызы
ҚОШҚАРОВА,
№1 Өнер
мектебінің
мұғалімі.
Астана қаласы.

Тәрбие сағатының мақсат-міндеттері:

Ақпараттық: қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай: әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішпейілділік, сұлулық, т.б. жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу;

Коммуникативтік: оқушылардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту;

Проблеманы шешу: қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

Өткізілу түрі: өнеге сабағы.

Көрнекілігі: кітаптар, суреттер көрмесі, қыздардың жасаған колөнер бұйымдары, кондитерлік өнімдері, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер жалған интерактивті тақта, слайд-шоу, проектор.

Барысы.

1-жүргізуші: Қымбатты ұстаздар мен қадірменді қонақтар! Бүгін оқушылар сіздерге арнап дайындаған «Қыз – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты әдептілік тақырыбындағы сыныптан

тыс шараны бастауға рұқсат етіңіздер.

2-жүргізуші: «Отан отбасынан басталады» десек, сол әрбір кіші Отанның ұйытқысы, берекесі болатын – әйел адам. Ұлттың адаспай, ұлт болып қалуы, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек Ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмақ. Заттай байлықтың құны өршіп тұрған бұл кезеңде руханият аяқ асты қалмауға тиіс. Адам тек тәнімен ғана адам болып тұрмағанын жақсы сезінуіміз – бүгінгі күннің өткір мәселесі. Біз рухымыз биік болғанда Адам деген асыл есімге кір жуытпай қала аламыз. Діні мен ділі берік ел – алынбас камал. Ал оның болашағы жастардың қолында. Сондықтан басқа елдердің өркениеттік жетістігі деп бағаланған арзанқол мәдениет үлгісі ата салт-дәстүріміздің тұнығын лайлатпасын десек, жастарымызға, әсіресе, қыздарымызға дұрыс тәрбие беру – бәріміздің ортақ парызымыз. Өйткені кімде-кім болашақ әке, аға, әпке немесе ана.

Қай ұлттың әйел затына бөлетін орнын қазақ қоғамында бөлетін орнын қазақ қоғамында бөлінген орнымен салыстыруға келмейді. Қыз баланы кішкентайынан төрге шығарып отырған қазақ оның болашақтағы Ел анасы боларына кәміл сенген.

2-жүргізуші: Қазақ халқы «Қыз» де-

ген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетіне көптеген ақындарымыз қызға көптеген керемет суреттемелер берген. Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен. Мысалы: «Қыздың жиған жүгіндей», «Қыздың тіккен кестесіндей», «Қыз — елдің көркі, гүл — жердің көркі», «Жақсы қыз — жағадағы құндыз», «Қызы бар үйдің қызығы бар», т.б.

1-жүргізуші:

Қыз емес, қыздың аты — қызыл алтын,

Көрінер туған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын кесіп сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын.

2-жүргізуші:

Құдыретті жыр тудырған санамда,

Кім екен бұл, Қыз Жібек пе, Баян ба,

Әлде ару Қарлыға ма, Нұрлы ма,

Әлде гүл ме, өсіп тұрған даламда.

Кім де болса, періште ғой ғажайып,

Әттең шіркін, кетпесе екен азайып...

1-жүргізуші: Ертеде бір әумесер хан болады. Ол бір күні өзінің қоластындағы бүкіл халқын жинап алып: «Ер адам артық па, әйел артық па?» - деп сұрайды. «Әйел артық» деп жауап бергендердің басын алмақшы болады. Ханнан қорыққан жұрт: «Ер адам артық, сіз емес пе бәрімізді билеп отырған», - дейді.

Сол кезде бір адам ғана ханның қанынан қорықпай: «Әйел артық», - дейді. Хан қатуланып, әлгі кісіні ортаға шығарып: «Сен неге бұлай деп

тұрсың? Қане, дәлелде, еркектен артық екенін», - дейді. Сонда әлгі кісі: «Хан ием, мен сіздің ақылыңызға шек келтіріп тұрған жоқпын, бірақ айтыңызшы, сізді дүниеге әкелген әйел-ана емес пе?» - дейді. Сонда хан сөзден тосылып, райынан қайтқан екен. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) хадистерінде «Ең әуелі ананды сыйла, содан соң атанды сыйла» деген екен.

Ойлан, топтас, талқыла. Сіздер ананың артық екенін өздеріңізше дәлелдеп көріңіздерші?

1-жүргізуші: Сәулетті ана болғанда даналы ұрпақ болады. Олар бүгінгі мектеп, колледж қабырғасында оқып жүрген қыздар. Болашақтың тамыры, қоғамның негізі, тарихтың көзі — жайнаған осы жауқазындар.

Қыз — өмірдің қызғалдағы, қыздар — болашақ ана, бақыт-байлық ошағы, адамзаттың ойы-өркендеп, тәлім-тәрбие алатын қасиеттің ұясы.

Ал әйел — сол қасиетті ұяның алтын тірегі, отбасының ұйытқысы.

Халық аузында қыздар туралы мақал-мәтелдер аз емес.

Қыз бала туралы кім қандай мақал-мәтелдер біледі?

Ақылды қыз білімге жүгірер,

Ақылсыз қыз сөзге ілігер.

Ауру — астан, дау — қарындастан.

Жыршы қызға — сыршы күйеу.

Қыздың қабағында құт бар.

Қызға қырық үйден тыйым.

Қызды ауылдың қызығы көп.

Қызды қымтап ұстаған ұялмайды.

Қыз ат байлатар.

2-жүргізуші: Ата-бабаларымыз өзінің ұрпағын ақылды, ар-намысты болуға, адамгершілікке, мейірбандыққа,

тектілікке, кісілікке, атамекенің сүйеге, Отанын қорғауға дайын тұруға баулыған. Қазақ халқы адамның ақ жолға бас-тайтын жеті жетекшісі бар деп, ұрпақтарының болашағын жеті ауыз сөзбен түйіндейді.

Олар мыналар:

1. Адамның басшысы — Ақыл;
2. Жетекшісі — Талап;
3. Жолаушысы — Ой;
4. Жолдасы — Кәсіп;
5. Қорғаны — Сабыр;
6. Қорғаушысы — Мінез;
7. Сынаушысы — Халық.

1-жүргізуші: Тарихымызға үнілсек, қазақ халқы қыз бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамаған. Ертеде ата-бабаларымыз қашан да қыз баланы аялы алақанына салып, мәпелеп еркелетіп, көзінің ағы мен қарасындай қарап, тәнін сау, жанын таза етіп өсіруге тырысқан. Жаксы көрумен бірге өсіп келе жатқан нәзік жандардың тәрбиетәліміне де немқұрайлы қарамай, қатаң талаптар қоя білген еліміз.

«Қыз өссе елдің көркі» деп бойжеткендерді тек бір отбасының ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышына, абыройына, тіпті ар-намысына балап келген. Қыз баланың жүріс-тұрысына, сөзіне, жиған жүгіне, киген киіміне, құйған шайына қарап ата-бабамыз оның қандай ананың тәрбиесінен өткеніне баға беретін болған.

Қазақ халқында халықтың құрметіне бөленген, ақылына көркі сай ару қыздар аз емес.

Бізге таныс па бұл бейне (бейнероликтен халқымыздың аяулы қыздарының портреттері көрсетіледі). Оқушылар аттарын атап, қысқаша өмірдерігін ұсынады.

2-жүргізуші: «Қыздарға» М. Шаханов.

Тән сұлулығы деген бар жан сұлулығы деген бар

Тән сұлулығы — сыртқы көз арбар көрініс.

Жан сұлулығы — бұл әйелдің ішкі дүниесі,

Сезім шынайылығы, мінез байлығы.

Пейіл кеңдігі, ар алдында адалдығы.

Тән сұлулығы — теңіз бетіндегі көпіршігі мол толқын.

Жан сұлулығы — бұл тереңдегі ағын.

Осы екі қасиет бір адамның басында ұштасса,

Ғұмыр бойы айналасын нұрға бөлеп өтер еді.

Бет пішіні келіскен, сөзі сыпайы,

Өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз — Ару.

Сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін,

Болмашыға пісіп, күймейтін, келбетті қыз — Сұлу.

Істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын,

Өзі бірден көзге түсе қоймайтын қыз — Көрікті.

Баппен біліп тұратын қыз — Әдемі.

Дене бітімі жинақы, сөзі салмақты қыз — Ажарлы.

(Бұрынғы қазақ қызы мен қазіргі қазақ қызының арасындағы айырмашылықтарды айту).

1-жүргізуші: «Қызым үйде — қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім-киісі тәрбиенің негізі болып саналады. Бүгінгі күнде қыздарымыздың көзге оғаш тиетін киімдерін айтып жатпайық, ол күнделікті өмірде не көгілдір экранда ке-

нінен көрініп жүр. Әрине, үйлесімді сәнденудің еш оғаштығы жоқ. Тек ол өзіңе сай жарасып, мөлшерімен пайдаланып, жан сұлулығын аша түсер болса.

1. ХХІ ғасырдың қыздары қандай?

2. Қазақ қыздарының бойынан қандай қасиеттерді көргің келеді?

3. Жаһандану кезінде қыз бала бойындағы құндылықтарды сақтай ала ма?

Келген қонақтарға сөз беріліп, ой-пікірлерін айтады.

Әбіш Кекілбаев: «Бағалай білмегенге бақ қонбайды, Қуана білмегенге құт қонбайды», - деген ғой. Қазақ қыздарының қанына сіңген қадірлі қасиеттерді ғана емес, қыздарымызды да бағалай білейік! Алдыңғы буын өкілдері қыздарға кінә артып, ал қыздар жауапкершілікті заманға жүктегенде, бар мәселенің тәрбиеде екенін есте сақтаған жөн. Дүниедегі асыл атаулының бәрі күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралады емес пе?! Ал бүгінгі қыз ертең сүйікті жар, аяулы ана екенін естен шығармағанымыз абзал. Осы өлең шумақтарының әр жолын жадында ұстағаның жөн, егер жақсы адам атанғың келсе, қызым:

- Ей, қыздар!

Ұшып қонып, жат қылыққа желікпе,

Өнегелі өскен жанға елікте.

Мода қуып боянғаннан түк шықпас,
Ми болмаса, не тұр дейсің көрікте.

Арақ пенен темекіге жуыма,
Желікпендер ішкіліктің буына.

Жын ойнаққа үйір болсаң опық жеп,
Алданарсың алаяқтың қуына.

Үйір болма мейрамхана, кафеге
Сау басыңды ұшыратар қатерге.

Өмір бойы өкінішпен өтерсің
Бір ұрынсаң түзелмейтін қатерге.

Көше кезіп жүрмендерші қаңғырып,

Естіледі қыз жүрген жер жаңғырып.
Отырысқа күндіз кетіп үйіңнен,

Келіп жүрме қисалақтап таңға ұрып.
Өзің келіп жігіттерге ұрынба,

Елең етсең, атың шығар қырымға.

Әзіл айтқан мас жастарға қадірің,

Жауап қатпа, есің болса бұрылма.

Еске алыңдар бұл өмірдің сабағын,

Жетілдіріп ой-өрісін сананың.

Дұрыс, теріс жағын ойлап білсін деп,

Барлық қыздар сабағына саламын.

Қыздарға!

Өмір қатал көтермейді ойынды,

Ұқпайды да кейде ізгі ойынды.

Тағдыр жолың жіңішкелеу өмірде,

Жаман аттан аулақ ұста бойынды.

Қыз ғұмырың үлпілдеген гүлдермен,

Тербетілген ақ самалмен, күнменен

Абайлап жүр ерте үзуге тым ғұмыр,

Тасбауырдан қадіріңді білмеген.

Байқа ботам өте нәзік жаныңды,

Аңқау болма, қызыққа көп салынба

Кір келтірме қыз атыңа, арыңа

Шалыс басып, түсіп кетпе жалынға.

Төтеп берсін дауылдарға желкенің

Сарқылмасын бал қылықты ертеңің

Күрес еркем, жаман аттан жасымай,

Күндей нұрлы болу үшін ертеңің.

Ата-бабаларымыз қыз баланы жастайынан еркелетіп, бетінен қақпай, еркелеп қал, ертең бір үйдің иесі боласың, бар ауыртпалық өзіңе түседі, соны қазірден санаңа түйе бер деп үйреткен. Қыз баланы үй жұмысына, тамақ істеуге, кісі күте білуге тәрбиелеген.

Келесі кездескенше сау-саламатта болыңыздар!

Табиғат – асыл қазынам

Сабактың мақсаты: Оқушыларды табиғатты аялауға, қорғауға баулу және қоршаған ортаны ластанудан сақтауға тәрбиелеу, Отанын қорғауға, ұлтжандылыққа білім деңгейлерін дамыту.

Сабактың көрнекілігі: табиғат, әлем туралы суреттер, бейнебаян.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар мен ұстаздар және оқушылар!

Бүгінгі таңда әлемді дүр сілкіндірген ғаламдық экология мәселесіне орай ұйымдастырылып отырған «Табиғат — асыл қазынам» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер! Табиғат, Жер-Ана, Отан, Туған жер, Атамекен деген құлаққа жылы естіліп, жүрекке шаттық сезім ұялататын ұлы да қасиетті ұғымдар. Жер-Ананы сүйе білу, оны аялау — адамның азаматтық борышы.

1-оқушы: Адам дамуының басты салаларындағы таза ауыз су және табиғатты қорғау мәселелерін шешу — адамдық және азаматтық борышы екендігін әрбір азамат адамгершілік қасиетпен сезінуі тиіс.

2-оқушы:

Жер-Ана мен өз анаң егіз екен,
Мейірімдері мейлінше теңіз екен
Анам туды жер — Ана жетілдірді,
Осыны өзім өмірге негіз етем.

3-оқушы:

Жаратылыс таңы — жан ана,
Қарық қып суға, ауаға.

Топырағыңмен асырап,
Сәулесін құйған санаға. (*«Туған жер» атты өлең оқылады*)

Жүргізуші: Табиғат бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы және аялы есігі, қуатты қонысымен өсіп-өнер мекені. Табиғаттың басты байлығы жер, адамдар, жануарлар мен өсімдіктер өз қорегін осы жерден алады деген ұғымдар бір мағынада айтылады.

4-оқушы:

Бұл қара жер болған бізге кең мекен,
Кең мекенге қауіп төнді!

Білсең оны, төбе шашың тік тұрар,

Бишараның көрмегені кемде—кем!
Сөне жаздап, сөне жаздап шамшы-

рақ, (*«Атамекен» өлеңі оқылады*)

Жүргізуші: Бүгін біздің арамызда қасиетті — Жер Ана, туған халқымыздың аяулы ұлдары, ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби, Асан қайғы қасиетті қонақ болып отыр. Сөз кезегі сіздерде асыл абзал бабалар!

(*Ақырын күй орындалады*)

Жер-Ана: Уа, ұрпақтарым, қасиетті жерімізді қандай қайғылы күйге түсірдіңдер, сендерге өлкеміздің байлығын, асыл қазыналарын, айдын көлдері мен теңіздерін, таза ауасын бүлдіріп, ұшқан құс, жүгірген аңдарын қырып жойындар деп қалдырған жоқ едік қой...

Асан қайғы:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер.

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көрер.

Жүргізуші: Жер-Ана! Адамдарға
қандай тілегіңіз бар?

О, адамдар! Мезгілден сыр күткен-
дер,

Бейбіт күнде жерді пір тұтты елдер.
Бабалардың ертеңін шектемендер,
Маралдарды (жер тегін) үркітпең-
дер.

Тұруы үшін бұлбұлды тыңдап,
Өткеннен айнымайтын ғұрыпты
аңғар.

Таза ауаны түтінмен құртпандар!
Тыныш жатсын құстар да ұясында
әр!

Күрсінбесін қария, қия шындар,
қару алмай,

Қоштаспай, достасып-ақ,
Барлығың да төсіме сиясындар.

Асан қайғы: Пайғамбардың бағын
берсін, Сүлейменнің тағын берсін,
Әзіретәлінің айбатын берсін!

Әл-Фараби:

Бата бер далам, бата бер,
Батанды бер де жата бер.
Ақторғын кербез маужырап,
Ақ таңын күтіп ата бер.

«Саржайлау» әні орындалады.

Оқушы: Туған өлкеміздің тамаша
байлығы — «Көгілдір қазына» деп
аталатын өзендер мен көлдер. Олар
адамның жүрегіне жыр, көңіліне нұр,
сезіміне гүл сыйлаған береке бастауы
болып саналады, халқымыздың суға
байланысты айтылған қаншама дана-
лық нақыл сөздері бар десеңші. «Су
бар жерде, өмір бар», «Сусыз өмір —
тұзсыз аспен тең», «Су атасы — жер
анасы», «Су — дүниенің басы», «Су

табиғаттың ажары», «Өзен жағалаған-
ның өзегі талмас», «Өрісіне қарай мал
өсер, өзеніне қарай тал өсер», «Сулы
жер — нулы жер», «Судың да сұрауы
бар», т.б.

1-оқушы:

Өмірдің ақ сүт берген анасы — су,
Көзіңнің күлімдеген қарасы — су,
Су бүріксең, талған адам жияды
есін,
Ажалға су міндеті ара түсу.

2-оқушы:

Мен сүйемін сылдыраған салқын
суды,
Судағы салқындаған үйрек қазды.
Мен сүйемін күн шығарда көтеріл-
ген,
Көгілдір көк жиектегі көкшіл буды.

3-оқушы:

Қандай ғажап керемет — табиғат,
Іш бауырым, пейіл қойшы пайым-
дап,
Игілігің — көкше көлдер, өзендер,
Сеңгір таулар, гүлді орман, қайың
бақ.

Жүргізуші: Тіршілік тірегі — таби-
ғат. Ол жалпы адам баласының ортақ
қазынасы. Табиғат Ананың қасиетті
сырларын бойымызға сіңіріп алма-
йынша, онымен тең отырып «Сөй-
лесу» қиын. Табиғатқа қамқорлық
жасау — әрбір азаматтың абыройлы
міндеті, әрі қасиетті парызы. («Қа-
зақстаным менің» әні орындалады).

Бекзат СЫДЫҚАНОВА,
Тасарық орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Сарқан ауданы,
Жетісу облысы.

«Болашақ» сайысы

Мақсаты: оқушылардың білімдерін, ақыл-ойын, шешендік өнерін тексере отырып, ізденімпаздыққа, өз бетімен білім алуға тәрбиелеу. Білім — болашаққа жарық жол екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: «Болашақ» тақырыбы, нақыл сөздер, буклет, шарлар.

- Құрметті қонақтар, ұстаздар, ата-аналар! 3 «а» сыныбында өткелі отырған «Болашақ» интеллектуалды ойын-сайысына қош келдіңіздер.

«Ақыл мен ой, терең білім — адамның сәулеті» дейді халық нақылы. Олай болса, ақыл-ойын, терең білімін көрсетер сайыскерлерімізді ортаға шақырайық.

Ойын-сайысымыз 5 бөлімнен тұрады.

I бөлім — «Қызықты жетілік»

II бөлім — «Кім жылдам?»

III бөлім — «Полиглот»

IV бөлім — «Сыналар сәт»

V бөлім — «Шешен» деп аталады.

Ойын шарты мынандай:

Алғашқы 2 бөлімнен кейін ұпайы аз 6 оқушы, ал III бөлімнен кейін ұпайы аз тағы 4 оқушы ойыннан шығады. IV-V бөлімде 2 оқушы сайысқа түседі.

Енді өздеріңнің білімдеріңді сарапқа салар сарапшылар алқасымен таныстырайын.

Енді реттік номерлеріңді анықтап алайық.

Ал енді, оқушылар, өздеріңе арналған тілек ән «Жұлдыздарым жайнаңдар».

Сонымен өздеріңе сәттілік тілей отырып, сайысымызды бастаймыз.

I бөлім. «Қызықты жетілік».

Бұл бөлімде негізгі 4 пәннен сұрақтар қойылады. Әр дұрыс жауапқа 10 балл.

1-сұрақ:

Ана тіл деп атаудың себебі —

Анамыздай қастерлесін дегені.

Өз анасын сыйлайтұғын әр адам

Өз тілін де құрметтесін дегені, - деп әдебиеттік оқу пәнінен сұрақтар қойылады.

2-сұрақ: «Тіл қаруы — сөз, сөз қаруы — ой» демекші, қазақ тілі пәнінен сұрақтар қойылады.

3-сұрақ: «Математика — ақыл-ойдың гимнастикасы, ғылымдардың патшасы» демекші, математика пәнінен сұрақтар қойылады.

4-сұрақ: «Табиғат — тіршіліктің бегісің» дей келе, дүниетану пәнінен сұрақтар қойылады.

II бөлім. «Кім жылдам?». Бұл бөлімде сұрақтар оқылады. Жауапты тапқан бала сигналды карталарын көтереді. Дұрыс жауапқа 10 балл.

(Ұпайы аз 6 оқушымен қоштасу)

III бөлім. «Полиглот». Бұл бөлімде берілген сұраққа дұрыс жауап тауып, сол жауапты 3 тілде, яғни қазақша, орысша, ағылшынша аудармасымен айту керек.

IV бөлім. «Сыналар сәт» деп аталады. Бұл бөлімде 2 тақырып беріледі. Сайысушылар өз қалаулары бойынша 1 тақырып тандайды.

1. Жалпы сұрақтар.

2. Жанды сұрақтар. (Ұпайы аз 4 оқушымен қоштасу)

V бөлім. «Шешен». «Ақылды ой, алғыр сөз — адамның ең жоғары қасиеті», - деп Ғабиден Мұстафин айтқандай, екі оқушының да шешендік өнері сынға түседі. Оқушылар, тақырып тандаңыздар.

I тақырып — «Білім — болашаққа жарқын жол»;

II тақырып — «Сүйемін туған тілді — анам тілін».

(Қорытынды шығару, сарапшылар сөзі)

I бөлім. Әдебиеттік оқу пәні бойынша:

1. Үш биді ата;
2. Бұқар жыраудың жырларына арқау болған қазақ батырлары?
3. «Әліпби», «Тіл құралы» еңбектерінің авторы?
4. «Қалмақ қырған» қай жерде болды?
5. Портрет дегеніміз не?
6. Әл-Фарабидің туған жері?
7. Әбілмансұр кімнің шын аты еді?
8. Қобыланды батырдың аты?
9. «Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз» кімнің сөзі?
10. «Желаяқ» шығармасы кім туралы?

Қазақ тілі пәні бойынша:

1. Сын есімді тап.
Әдепті бала — арлы бала.
2. Сөздің түбірін тап. Оқушы
3. Қуыршақ, шаңырақ, түйе, сандық сөздері қай сөз табына жатады?
4. Қазақ алфавитінде неше әріп бар? Бірінші әріп? Соңғы әріп?
5. Дауыссыз дыбыстардың түрлері?
6. Мына сөйлемнен сан есімді тап? Бір жылда он екі ай бар.
7. Дауысты дыбыстар түрлері?
8. Етістіктің сұрақтары?
9. Тұрлаулы мүшелерді ата.
10. Мәтіннің түрлерін ата.

Математика пәні бойынша:

1. Тік төртбұрыштың ауданын қалай табамыз?
2. 7 ц-де неше кг бар?
3. 2 тәулікте неше сағат бар?
4. Периметр дегеніміз не?
5. Ең үлкен үш таңбалы сан?
6. Тік төртбұрыштың ұзындығы 5 см, ені 4 см. Ауданы қанша?
7. Қабырғасы 6см шаршының периметрі?
8. 50 мен 30-дың қосындысын 10-ға бөлгенде мәні қанша?
9. Ең кіші төрт таңбалы сан?
10. 7^2 - ?

Дүниетану пәні бойынша:

1. Өкпе қандай мүше?
2. Ағаш, қасқыр қандай дене?
3. Бауыр қандай мүше?

4. Адам денесінің тірегі?
5. Алтын, күміс қандай металл?
6. Ауаның бір жерден екінші жерге ауысуы?
7. Қандай ауа жеңіл болады?
8. Көкжиек тұстарын қандай құрал арқылы бағдарлайды?
9. Қосмекенді жануар?
10. Пайдалы қазбалардың түрлерін ата.

II бөлім. «Кім жылдам?»

1. Жылдың соңғы айы?
2. «Ж»-дан басталса жыл мезгілі, «Қ»-дан басталса құс белгілі. Ол қай сөздер?
3. Жылдан құр қалған жануар?
4. Бір адам бір нанды 1 сағатта жесе, 5 адам 5 нанды неше сағатта жейді?
5. Киім тігіп, қадамайды түймесін, Сөйте тұра тастамайды инесін.
6. Егер Айдар жарыста басынан да, соңынан да санағанда 3-ші болса, жарысқа неше адам қатысқан?
7. Думанның 7 таяқшасы бар еді. Ол біреуін қақ бөлді. Енді Думанның таяқшасы нешеу болды?
8. 303 санын басынан оқыса да, соңынан оқыса да бірдей сан оқылады. Осындай мысал келтір.
9. Тоғыз қоянның барлығы неше құлағы бар?
10. 4 лақтың неше аяғы бар?

III бөлім. Полиглот.

1. Ақ, қызыл, сары, көк түрлері бар, Хош иісі мен әдемі түрі көздің жауын алар?
2. Бетін адам ашады, Білім нұрын шашады.

3. ...ы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.
4. Әке — асқар тау, ... — бауырындағы бұлақ, Бала — жағасындағы құрақ.
5. ... — кеме, білім — теңіз.

IV бөлім. «Сыналар сәт».

1. Жанды сұрақтар.

2. Жалпы сұрақтар.

1. ҚР Мемлекеттік әнұранының авторлары?
2. 53, 80, 32 осы сандардың қайсысы 5-ке бөлінеді?
3. Құрманғазының қандай күйлерін білесің?
4. Қазақстанда неше облыс бар? Түркістан облысының орталығы қай қала?
5. Тәуліктің 4-тен бір бөлігі неше сағат?
6. «Тәуелсіздік монументі» қай қалада?

IV бөлім. «Шешен».

I тақырып — «Білім — болашаққа жарқын жол»;

II тақырып — «Сүйемін туған тілді — анам тілін»;

III тақырып — «Тәуелсіздік — қастерлі ұғым».

Анаргүл Какимханқызы

ҚҰДАБАЕВА,

Балпық би кентіндегі қазақ орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

**Көксу ауданы,
Жетісу облысы.**

Мақтанышым – мектебім

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, мектебіміздің мектепалды оқушыларымен дайындаған «Мақтанышым – мектебім» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Айналайын балалар,
Алдында мектеп-ана бар.
Өздеріңнен өседі,
Өнерлілер, даналар.
Өтті қызық көп күндер,
Осы жасқа жеттіңдер.
Өсті міне бойларың,
Өсті ақыл-ойларың.
Қуанышқа ортақпыз,
Құтты болсын тойларың!

1-оқушы:

Қуантуға елімді,
Қуантуға жерімді,
Мен мектепке барамын.

2-оқушы:

Өмірімнің көктемін,
Сенде өткіземін деп келдім,
Алтын ұя мектебім.

3-оқушы:

Армандарым көп менің,
Атқарамын деп келдім,
Асыл анам мектебім.

4-оқушы:

Оқып ғылым тектерін,
Ой аламын деп келдім,
Оттан ыстық мектебім.

5-оқушы:

Өнерпазың көп сенің,
Өнер табам деп келдің,
Өз бесігім мектебім.

6-оқушы:

Мектеп – кеме, білім – теңіз,

Барар жерге тез жетеміз
Адаспаймыз ұлы жолда
Ұстаз берген білімменен.

«Сәлем саған, мектебім» әні хормен орындалады.

Жүргізуші:

Уа, халайық, халайық,
Мұнда назар салайық.
Білімді қарсы алайық,
Бәріміз қол соғайық.
Ортаға білім шығады,
Күн нұрындай білімнің,
Күнімін мол білімнің.
Құттықтаймын достарым,
Құтты болсын ұлы күн!
Білім төрге шығады.

Жүргізуші:

Кімдер зерек кім тапқыр,
Таланттарын табайық,
Қайсы күйші, кім биші
Талабына қарайық.

Білім:

- Балалар, маған кім апта аттарын атап береді?

- Жарайсыңдар!

- Ал саусақ атауларын ше?

- Өте жақсы балалар.

- Жеті ата қалай аталатынын айтып беріндерші?

- Рахмет балалар, ал енді өнер-жырларыңды көрейін.

Мәнерлеп оқу сайысы.

Жүргізуші:

Уа, халайық, тыңдайық,
Әндетейік, жырлайық.
Ақындарды қарсы алып,
Інжу маржан шашайық.

Ән салса әншілерім шайқаларсың,
 Әр сөзін тоқсан тоғыз қайталарсың.
 Осындай ән туғызған қазағымды,
 Қалайша тар пейіл деп айта алар-
 сың.

«Анашым» әні орындалады.

Балалар сендер ертегіні ұнатасың-
 дар ма?

- Ендеше, келесі кезекті «Мақтан-
 шақ қоян» ертегісіне берейік.

Бишілер бар билейтін,
 Билері неткен тамаша.
 Түрлі ұлттың би өнері,
 Үйренеді қаласа.

«Балапандар бий» биленеді.

Жүргізуші:

Көңілге тоқы сен енді,
 Ең кішкентай оқушым.
 Оқы, оқы, және оқы,

Оқу — байлық, бақ күші.

Құштарлана талпына,

Еш жұмыстан жерінбей.

Отаныңа халқыңа,

Еңбек еткін ерінбей, - дей отырып,
 «Үйірменің үйретері көп» атты тәр-
 биелік іс-шараны тамашалаңыздар.

Мақпал Бейсенбайқызы

РЫСКҰЛОВА,

Жұлдыз Әуелханқызы БАЕКЕЕВА,

Дарынды балаларға арналған үш тілде

оқытатын

Әл-Фараби атындағы арнаулы

гимназиясы

мектепалды даярлық сыныбының

мұғалімдері.

Алмалыбақ ауылы,

Қарасай ауданы,

Алматы облысы.

Біз мектепке барамыз

Естиярлар тобы мен кішкентайлар тобы орындауында «ҚР Мемлекеттік Әнұраны».

Жүргізуші: Қымбатты ата-аналар, қадірменді қонақтар, біз бүгін бала-бақшамызда тәрбиеленген естиярлар тобының бүлдіршіндерін мектепке шығарып салғалы отырмыз.

Біз бүгін бүлдіршіндерімізге жақсы денсаулық, алдағы оқуларына сәттілік тілеп, тіл алғыш, зерделі болындар демекпіз. Балалар, мектепке

барғанда ұстаздарыңды құрметтеп, ұшқан ұяларың бала бақшаны, тәрбиешілерді ұмытпандар.

Жүргізуші:

Жарқылдап күліп ойнадың,

Қылықтарыңа тоймадым.

Өсті боймен ойларың,

Құтты болсын тойларың!

Бақшадан тәрбие алғансыңдар,

Алдарыңда үлкен арман шың бар.

Жеті жасқа толып міне

Мектепке енді барасыңдар.

Естиярлар тобы бүлдіршіндері қосылып:

Бақшадағы күндерді,
Есімізде сақтаймыз.
Тәрбиеші сіңірген
Еңбегінді ақтаймыз.

*«Біз — өмірдің гүліміз», «Жалау»,
«Мен бақшаға барамын» әндері орындалады.*

Сендердікі болашақ,
Өтер балғын бала шақ!
Озат болып оқыңдар,
Ойға білім тоқыңдар! — дегендей,
балалар сендердің алдарыңда қиын-
дығы мен қызығы мол білім жолы
тұр. Сіздерге сол үлкен білім жолы-
нан сүрінбей өтіңіздер дей келіп,
ендігі кезекті естиярлар тобының
орындауында «Жол жыры» әніне бе-
реміз.

*«Кел, билейік», «Қамажай» биін
қарсы алыңыздар.*

*«Әнші балапан», «Балдырғандар»
әндері орындалады.*

«Полька» биі орындалады.

1-бала:

Ойыншықты жинаймыз,
Бөбектерге сыйлаймыз!
Өнер-білім үйреткен
Өзіңізді қимаймыз!

2-бала:

Мектепке енді барамыз,
Мектепте сауық құрамыз.
Қашықта болмас арамыз
Сіздерге келіп тұрамыз.

3-бала:

«Батыл бол» деп өсірдіңіз,

Балалық болса кешірдіңіз!

*«Біз мектепке барамыз», «Қоңы-
рау» әндері орындалады.*

Қойылым «Ағаға көмек».

Мұғалім бірінші сыныпта оқитын
Болаттан:

- Болат, сен неге кеше мектепке
келмедің? - деп сұрады.

- Ағам Мараттың тісі ауырды.

- Оның саған қандай қатысы бар?

- Мен оған көмектестім.

- Қайтіп?

- Екеуміз қосылып жыладық, - деді
Болат.

*(Бұл қойылымның қысқаша мазмұ-
ны. Оны дамытып нанымды етіп шы-
ғару тәрбиешінің шеберлігіне байла-
нысты)*

*«Мектепке баратын балалардың
вальсі» орындалады.*

Мектепке баратын балалар қосы-
лып:

Сен үйреттің сөйлеуді,

Сенде ойым есейді.

Мектеп барам мен енді,

Бала бақшам, қош енді!

*«Қош, балалар бақшасы» әні хормен
орындалады.*

М. ДАУЫЛБАЕВ,

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» АҚ**

«Атырау облысы

**бойынша Кәсіби даму институты»
филиалының музыка пәні әдіскері**

Атырау қаласы.

Қазақ – шебер халық

Қазақтың ою-өрнегі ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қол өнер саласын алсақ та, ою-өрнектерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз. Оюлардың ежелден келе жатқан нұсқаларында элементтер құстың, гүлдің, жануардың түрін тұспалдап тұратыны белгілі. Көне түркілердің түсінігі бойынша, құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісі. Бұ-

йымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, т.б. және өсімдіктердің түрлері кеңінен белгіленген. Қазақтың ою-өрнегі қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Сан қырлы ұлттық өнеріміздің бір саласы – ою-өрнектер екенін білеміз. Үңіле білгенге бұл өнердің тылсым сырлары жетерлік. Ою-өрнек – ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халықтың өткен тарихы – рухани, мәдени-материалдық өмірінің айнасы. Ою-өрнектердің

мән-мағынасынан түсіндіре отырып, ұлттық өнерімізді терең ұғынуға, еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Өз халқының салт-дәстүрін құрметтей білуге, ұлтының ерекшеліктерін түсінуге, елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу мақсатында кітапханада «Қазақ қандай шебер...» атты кездесу кеш өтті.

«Қызмет қылсаң халқыңа, игі ат қалар артында», - деп акын Сәбит Дөнентаев айтқандай, кітапханаға «Ақтөбе қалалық оқушылар Сарайының» МКҚК қосымша бі-



лім беру педагогы, қол өнер шебері, Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі Римма Төребекова Көпбергенқызы қонаққа шақырылды. Шараға №1 орта мектеп оқушылары, кітапханашы Шакибаева Гүлсім қатысты. Оқушылар ұстаздың өмір жолымен танысып, отбасында кімнен үйренгенін, қанша ою-өрнек түрлері бар екені туралы сұрақтар қойып. Оқушылар ұлттық зергерлер сырға, шекелік, шаш бауы, т.б заттардан қызықтап әкілінген металдармен өз қолдарымен бұйымдарды дайындап жасады. Кеш қонағы қазақтың ою-өрнектері элементтері және түрлері тоқталып, оқушыларға

«Шебер сынып» бойынша зергерлер бұйымдар үйлесімін көрсетті. «Өнер сыры өрнекте» атты көрме ұйымдастырып, өз қолымен дайындалған бұйымдары ұлттық қазақы нақыштағы, ою-өрнекпен тігілген көрпешелер, қымыз құйылатын ыдыс, балық, мал сүйектерінен дайындалған заттары туралы, осы істі жалғастырып жүрген шәкірттері туралы айтып өтті. Кеш сонында ризашылығымызды білдіре отырып, Римма Көпбергенқызына



«Ақтөбе қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММің кітапхана башысынан Салиева Гүлнәр Нохымқызынан атынан алғыс хат, сыйлық табысталды. Кеш қонағы кітапханамызға жылы лебізін білдірді.

**Жанар Казбекқызы
НУРЫМГЕРЕЕВА,**
№3 қалалық кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі ұлтықпалды

«Әлемдегі ең сұлу — қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі. Қазақ әйелдері жайлы сөз қозғау әрі оңай, әрі қиын» деп Мұхтар Мағауин атамыз айтып кеткендей, Әйел-ананың бейнесі қандай болса, сол елдің бейнесі, салт-дәстүрі сонымен өлшенеді. Демек әйелдер бейнесі туралы туған іргелі еңбектер легі әр ғасырда өмірге келген жаңа ұрпақтың бағасын алып сан түрлі көзқараспен түрлене бермек.

Соның бір дәлелі, көктемнің гүл мерекесі 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының медиа кітапхана оқу залында «Қазақ тағылымындағы әйелдер бейнесі» тақырыбында әйелдер романының салоны ұйымдастырылды. Қыз баланың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу, ақылды да ажарлы, дарынды да талантты қолаң шашты аруларды насихаттау мақсатында өткен шараға 9-сыныптың нәзік жандылары қатысып, дөңгелек үстелдің басында әдемі

әңгіме өрбіді. Кітапхана сөресіндегі әйел теңсіздігі, әйел тағдырына арналған туындылардың мазмұны жан жақты талданып, «Шашының ұзындығы ізін басқан», «Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген», «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты» бөлімдері бойынша сұрақтарға жауап алынып, ақыл-кеңестер берілді. Қазақтың салт пен дәстүрі, жөн-жоралғылары төңірегінде өнегелі бейнематериалдар көрсетіліп, бұрынғы мен қазіргі сұлулықтың шлейфы жайында сөз болды...

«Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, еркін форматта өткен дөңгелек үстеліміздің нәзік жандылары болашақта ұлттық құндылығымызды насихаттайтын шаралардың үзбей өткізілгенін қалайтындарын жеткізді.

Расымен, қылығымен сүйкімді қыздарымыз ішкі және сыртқы жан дүниенің үйлесімділігін қатар ұстап, ұлағатты да ізетті, инабатты да ибалы асыл қасиеттерін жоғалтпаса ұлтымыздың тектілігі мәңгі сақталары даусыз.

**Гүлдана Мұратқызы ҚУАНЫШ,
«Д. Қонаев атындағы ЖББОМГ»
КММ-нің кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**

Кітап – сыр сандық

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «2 сәуір – Халықаралық балаларға арналған кітаптар» күніне орай «Кітап – сыр сандық» атты кітап бенефисі ұйымдастырылды. «Кітап» макеті келіп:

«Мен, білім көзі – кітаппын. Кітапты жасау үшін адамдар көп еңбек сіңіреді. Орманнан ағашты кесіп әкеледі. Ағашты фабрикаға апарып, одан қағаз жасайды. Содан кейін авторлар мәтінін жа-

зады, суретші-дизайнерлер сурет салады. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген Ұлы Абай атамыз, - деп кіріспе сөзімен «Күншуақ» клубының мүшесі Нұрали Серікбай шараны ашып бер-

ді. Шара барысында бұл күнді Дат жазушысы Ханс Кристиан Андерсеннің туған күніне орайластырып қойғаны туралы оқырмандарға жүргізуші кітапханашы Раушан Жумагулова Қартбайқызы қысқаша ақпарат беріп өтті. Кітаптың шығу тарихы туралы толық мағұлматты слайдтан көрсетіп берді. «Кітап дефиле» ойыны ойналды. «Ертегі кейіпкерлері» жасырылған суреттерден ертегі кейіпкерлерін, шығарманың атауын тауып, оқырмандар белсене қатысып отырды. Шара «Жұмбақтар шешу» ойынымен жалғасты. Оқырмандар жылдам, нақты, тез жауаптарын айта білді. Мерекеге байланысты ән айтылып, би биленді. Шара тақырыбы төңірегінде өлеңдер де оқылды. Сонымен бірге оқырмандар «Шалқан» ертегісінің қойылымын қойып, көңілдерін көтерді. Шара соңында кітап көрмесіне шолу жасап, оқыр-





мандар өздеріне керек ақпаратты алды. Кітапханамызға серіктес №12, №33 жалпы қазақ орта білім беретін мектептің кітапхана мамандары Ақтолқын Са-

дақбаева Арыстанқызы, Гүлнәр Жармұханова Қосанқызы кітапхана менгерушісі Татьяна Васильевна Жужгина және 2 «А» сынып білім алушыларының жетекшісі Ақжұма Жанбыршина Төлеуқызы қорытынды сөз сөйлеп, ұйымдастырушы кітапхана қызметкерлеріне жылы лебізін білдіріп, 2 сәуір — Халықаралық балаларға арналған кітаптар күнімен құттықтады. Белсенді қатысқан оқырмандарға тәттілер таратылды.

...Кітапта — алма ағашы
Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін... - деп, жырлаған Қазақстанның халық жазушысы, балалар ақыны Музафар Әлімбаевтың «Кітап — жеміс ағашы» өлеңімен шара қорытындыланды.



**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,**

**№5 С.Я. Маршак атындағы қалалық
балалар
кітапханасының менгерушісі.
Ақтөбе қаласы**